

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот-сараптама қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2013 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 23 шілдедегі № 115-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот-сараптама қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

*С. Ахметов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

2 4

ш і л д е д е г і

№ 1 1 5 - ө ө к і м і м е н

бекітілген

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот-сараптама қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі**

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік органдар	Әзірлеу және Қазақстан Республикасы Үкіметіне енгізу мерзімі
1	2	3	4	5
	Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы сот сарапшыларының мемлекеттік тізілімін жүргізу ережесін бекіту туралы» 2010 жылғы 4 маусымдағы № 514 және «			

1	Қазақстан Республикасының сот сараптамасы зерттеулері әдістемелерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу ережесін бекіту туралы» 2010 жылғы 4 маусымдағы № 515 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	2013 тамыз	жылғы
2	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығында жүргізілетін сот сараптамалары түрлерінің тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	2013 тамыз	жылғы
3	Денсаулық сақтау саласында жүргізілетін сот сараптамалары түрлерінің тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	2013 тамыз	жылғы
4	«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы органдарына алғаш жұмысқа кіретін адамдардың арнайы кәсіптік даярлықтан өту ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 20 сәуірдегі № 122 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	2013 тамыз	жылғы
5	Сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысы біліктілігін беру үшін біліктілік емтихандарын қабылдау ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	2013 тамыз	жылғы
6	Сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот-медициналық, сот-психиатриялық, сот-наркологиялық сарапшысы біліктілігін беру үшін біліктілік емтихандарын қабылдау ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	2013 тамыз	жылғы